

Бекітемін *Бал*

Ақтөбе облысының басқармасы
Әйтке би ауданының білім болімі
Мемлекеттік мекемесінің
«Балапан» мектепке дейінгі ұйымы
Мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының мекемесі А.К.Абдиганиева
"08" *май*. 2024 ж.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтке би ауданының білім болімі
мемлекеттік мекемесінің «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны уақытша бос лауазымға тағайындау

үшін ашық конкурс жариялайды

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтке би ауданының білім болімі» мемлекеттік
мекемесінің «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
декреттік демалыс кезіндегі уақытша тәрбиеші лауазымына (мекен-жайы Аралтой
ауылы, Амангелді көшесі № 15)

1. Лауазымдық міндеттері:

1.1. Балалардың денсаулығын сактау мен қорғау қызметін қамтамасыз етеді: оларды
оқыту мен тәрбие беруде денсаулық сақтайтын технологияларды қолданады.

1.2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті
стандартының талабына, жас ерекшелік топтарының үлгілік оқыту жоспары бойынша
оку қызметінің кестесіне сәйкес педагогикалық процесті жүзеге асырады, пәндік-
дамытушылық ортаның қалыптастыруды, балалардың шығармашылығына (ойындық,
танымдық, қозгалыс, көркемөнер, еңбекке баулу) жетекшілік етеді.

1.3. Балалармен жұмыс істеу кезінде жекелей және бағыттық әдісін іске асырады.

1.4. Дамуында ауытқу байқалатын балалармен түзеу қызметі саласында еңбек ететін
мамандармен бірлесе жұмыс жасайды, жалпы білім беретін оку бағдарламаларын, оку-
әдістемелік әдебиеттерді зерделеу негізінде және топтағы балалардың жеке талаптарын
ескере отырып тәрбие-білім беру жұмыстарын жоспарлайды.

1.5. Тәрбиелеу мен оқыту қызметін қол жеткен жетістіктерді қорытындылай отырып
жоспарлайды.

1.6. Мүмкіндіктері шектеулі балалар мен қалыпты жағдайда дамып келе жатқан
балалардың мектеп жасына жеткенде мүмкіндіктерінің тен дәрежеде болуын қамтамасыз
ету үшін бірге тәрбиелеу және оқыту арқылы оларды әлеуметтендіруді жүзеге асырады.

1.7. Мамандардың ұсынымдарын ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі әрбір баламен
жеке жұмыс жүргізеді.

1.8. Отандық және шетелдік гылыми-зерттеу жұмыстарының, авторлық
шығармалардың негізінде педагогикалық қызметтің жаңа бағыттарын зерделеумен және
оны жұмыс барысында қолданумен шұғылданады.

1.9. Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту барысында ата-аналарға
консультативтік көмек беруді іске асырады. Балалардың құқықтары мен мұдделерін
қоргайды.

1.10. Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру"
тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар
отбасыларының қатысуымен енгізеді.

2. Білуге міндетті:

1.1. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы",
"Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы курес туралы" заңдары
және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын Қазақстан
Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін;

1.2. Психология және педагогика, алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерін,
еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын, санитарлық ережелерді;

1.3.мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық құжаттарын.

Лауазымдық жалақысы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балапан» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мекемесі орталығына тәрбиешісі үшін 120000- 150000 теңге аралығын құрайды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

Тиісті бейінде жогары және (немесе) жогары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе басқа кәсіптік білім немесе қайта даярлау курсынан өткендігін растайтын құжат немесе тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Уақытша бос лауазымның уақыты: 12.08.2024- 31.12.2024 ж.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күннен кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі: 12.08.2024- 31.12.2024 ж..

Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

1) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы етініш;

2) жеке басын қуәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парагы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) енбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандагы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актлерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы күәлік (болған жағдайда).

10) 11-қосымшага сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парагы.

Конкурсқа қатысушы бар болған жағдайда біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, гылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, гылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.

Осы Қағидалардың 107-тармагында көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттардың кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылады.

Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде кандидаттар құжаттарының Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін карауды жүргізеді.

Конкурсқа қатысқысы келетін азаматтар қажетті құжаттарын осы хабарландыру «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ресми сайттарында және әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап 7 жұмыс күні ішінде мына мекен –жайға тапсыруы қажет.

Әйтеке би ауданы Аралтогай ауылы Амангелді көшесі №15, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Анықтама телефондары 8-71-339-71-7-31, 87711834130

Электронды пошта: Balapan2010@list.ru